

**«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Тлегенова Гульден Бакытказыевнаның «Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>1. Диссертация BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасының аясында орындалған.</p> <p>2. Диссертациялық зерттеу төмендегі мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалардың мазмұндық-идеялық бағыттарына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, ұлттық кодты, рухани-мәдени құндылықтарды сақтау және жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті тіл, мәдениет, тарихи жады арқылы нығайту мәселелері бойынша «Ұлттық рухани жаңғыру» (2021-2025 жж.) ұлттық жобасына, гуманитарлық ғылымдарды цифрландыру; тілдік деректерді цифрлық форматта сақтау және өңдеу және ұлттық корпустарды дамыту мәселелері бойынша «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» (2021-2025 жж.) ұлттық жобасына сәйкес келеді. Диссертацияда діни-мифологиялық онимдерді қазақ</p>

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	тілінің ұлттық корпусына енгізу, цифрлық гуманитаристика әдістерін қолдану мәселелерінің қарастырылуы осы жобалардың мақсаттарына толық сәйкес келеді. 3. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) бекіткен ғылым дамуының мынадай басым бағытына толық сәйкес келеді: «Зияткерлік әлеует, гуманитарлық ғылымдар және рухани-мәдени даму» (гуманитарлық ғылымдар, ұлттық мәдени мұраны сақтау, тіл мен мәдениет мәселелері). Сонымен қатар зерттеу мазмұны төмендегі қосалқы басым бағыттармен де үйлеседі: цифрлық гуманитаристика; ұлттық тілдік ресурстарды дамыту; ұлттық мәдени код пен тарихи сананы зерттеу. Диссертация қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы ұлттық мәдени мұраны жүйелеуге, сақтауға және цифрлық форматта ұсынуға бағытталған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады , ал оның ғылыми маңыздылығы толық ашылған деп бағаланады. Диссертацияда қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық код алғаш рет кешенді, жүйелі және пәнаралық тұрғыда қарастырылған. Автор жалқы есімдер құрамындағы мифтік және діни қабаттарды лингвомәдени, семиотикалық және ономастикалық тұрғыдан талдап, олардың ұлттық таным мен мәдени кодты сақтаудағы

			<p>рөлін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі ономастика, лингвомәдениеттану, мифолингвистика және цифрлық гуманитаристика салаларының теориялық базасын толықтырады. Әсіресе діни-мифологиялық онимдерді қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстар жұмыстың қолданбалы және перспективалық ғылыми маңызын арттыра түседі. Осылайша, диссертациялық зерттеу ғылымның қазіргі даму бағыттарына сай орындалған, жаңа деректер мен тұжырымдар ұсынатын, әрі болашақта іргелі және қолданбалы зерттеулерге негіз бола алатын еңбек болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертант диссертациялық жұмыстың өзі жазу принципін толық сақтаған, диссертацияның өзі жазу деңгейі – жоғары деп бағаланады. Зерттеу жұмысының құрылымы, ғылыми тұжырымдары, талдау тәсілдері мен қорытындылары диссертанттың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі екені айқын байқалады. Автор пайдаланылған әдебиеттерді сындарлы түрде игеріп, оларды механикалық көшіру емес, өз зерттеу мақсатына сай талдап, жүйелеп қолданған. Диссертация мәтінінде авторлық ойлау, ұғымдық жүйелеу, деректерді өз бетінше интерпретациялау және ғылыми нәтижелерді тұжырымдау деңгейі жоғары. Плагиат белгілері анықталмайды, мәтін ғылыми стиль талаптарына сәйкес және диссертанттың жеке ғылыми позициясы айқын</p>

			көрінеді. Диссертация диссертанттың өз бетінше, дербес орындаған ғылыми еңбегі болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген деп бағаланады. Зерттеу тақырыбы қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоөзектік, лингвомәдени және ономастикалық бағыттардың даму үрдістерімен, сондай-ақ ұлттық мәдени кодты сақтау, діни-мифологиялық мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігімен жүйелі түрде негізделген. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырып өзектілігін ашуға бағытталған және зерттеу мазмұнымен ішкі логикалық бірлікте берілген. Диссертацияның өзектілігі толық әрі дәлелді түрде айқындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды . Зерттеу жұмысының құрылымы, бөлімдер мен тараулардың логикалық жүйесі, қойылған мақсат пен міндеттердің орындалуы диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Теориялық талдаулар мен эмпирикалық материалдар қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты ашуға бағытталған және тақырып мазмұнын жүйелі түрде айқындайды. Диссертация мазмұны тақырыпты толық және дәл бейнелейді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді . Зерттеудің мақсаты қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты кешенді түрде талдауға бағытталған және диссертация

		<p>2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>тақырыбының мазмұнын толық ашады. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатын жүзеге асыруға логикалық түрде құрылған, диссертация бөлімдерінің мазмұнымен өзара сабақтас және тақырып аясынан шықпайды. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыппен ішкі логикалық бірлікте айқындалған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден бастап қорытындыға дейін логикалық жүйеде құрылған. Теориялық бөлімдер зерттеудің әдіснамалық негізін айқындаса, талдамалық бөлімдер сол теориялық қағидаларға сүйене отырып орындалған. Әр бөлім алдыңғы тараулармен мағыналық және құрылымдық тұрғыда сабақтасып, ортақ ғылыми мақсатқа қызмет етеді. Диссертацияда ішкі бірлік принципі толық сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдерге қатысты сыни талдау бар. Диссертацияда ұсынылған қағидаттар мен әдістемелік шешімдер бұрынғы ғылыми тұжырымдармен салыстырыла отырып қарастырылған, отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастарымен сабақтастырылып, авторлық ұстаным айқын көрсетілген. Жаңа тұжырымдардың ғылыми негізділігі дәлелденіп, олардың қазақ ономастикасын зерттеудегі жаңалығы мен тиімділігі көрсетілген. Автордың жаңа ғылыми шешімдері сыни тұрғыдан бағаланып, салыстырмалы түрде негізделген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған ережелерді толығымен жаңа деп бағалауға болады. Зерттеу барысында қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық код алғаш рет кешенді түрде жүйеленіп, оның теориялық негіздері, жіктелуі мен мәдени-танымдық сипаты айқындалған. Сонымен қатар мифонимдер мен діни онимдерді ұлттық тіл корпусына енгізудің авторлық әдістемесі ұсынылып, бұл бағытта жаңа ғылыми тұжырымдар жасалған. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері жаңалық сипатқа толық ие.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады. Қорытынды бөлімде алынған нәтижелер зерттеу барысында жүргізілген теориялық талдаулар мен эмпирикалық материалдарды жинақтау арқылы қалыптастырылған және қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты түсіндіруде жаңа ғылыми пайымдаулар ұсынады. Автор ұсынған тұжырымдар бұрынғы зерттеулерді қайталамай, дербес ғылыми позицияны көрсетеді. Диссертация қорытындылары ғылыми жаңалыққа толық ие.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ;	Диссертацияда ұсынылған техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа деп бағаланады. Зерттеу гуманитарлық бағытта орындалғанымен, диссертацияда мифонимдер мен діни онимдерді Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізуге

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>байланысты авторлық технологиялық-әдістемелік шешімдер ұсынылған. Бұл шешімдер бұрыннан белгілі корпустық лингвистика қағидаттарына негізделе отырып, қазақ ономастикасының ерекшеліктеріне бейімделген жаңа қолданбалы элементтермен толықтырылған. Ұсынылған техникалық-технологиялық шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген және толығымен жаңа сипатқа ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияда жасалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген деп бағаланады. Зерттеу qualitative research (куолитатив ресеч) қағидаттарына сәйкес орындалған және гуманитарлық ғылымдарға тән әдіснамалық талаптарды толық сақтайды. Автор теориялық тұжырымдарын кең көлемдегі тілдік материалға, ономастикалық деректерге, мифологиялық және діни мәтіндерге, сондай-ақ отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелдейді. Қорытындылар жүйелі теориялық талдау, салыстырмалы-сипаттамалық әдістер, лингвомәдени және семиотикалық интерпретациялар нәтижесінде алынған. Эмпирикалық деректер (ұлттық корпус материалдары, сауалнама нәтижелері) зерттеу тұжырымдарын толықтырып, олардың негізділігін күшейтеді. Диссертацияның негізгі қорытындылары сапалық (qualitative) зерттеу талаптарына сай, ғылыми тұрғыдан дәлелді және негізді болып табылады.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Ережелер дәлелденді ме? Қорғауға шығарылған негізгі ережелерді дәлелденді деп бағалауға болады. Диссертацияда ұсынылған негізгі ережелер теориялық талдаулармен, кең көлемдегі ономастикалық, мифологиялық және діни тілдік материалмен, сондай-ақ салыстырмалы және лингвомәдени талдау нәтижелерімен жүйелі түрде негізделген. Әрбір ереже зерттеу барысында алынған ғылыми деректермен дәлелденіп, қорытындылармен логикалық байланыста ұсынылған. Қорғауға шығарылған ережелер ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген.
		7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2 Ережелер тривиалды ма? Қорғауға шығарылған негізгі ережелер тривиалды емес . Ұсынылған ережелер жалпыға белгілі немесе бұрыннан қалыптасқан тұжырымдарды жай қайталау емес, қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты жаңа қырынан түсіндіретін, дербес ғылыми пайымдауларға негізделген. Олар авторлық талдау нәтижесінде қалыптасып, теориялық және қолданбалы жаңалық сипатқа ие. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер ғылыми тұрғыдан мәнді, тривиалды емес.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.3 Ережелер жаңа ма? Қорғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа деп бағаланады. Ұсынылған ережелер қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты кешенді әрі жүйелі түрде талдау нәтижесінде қалыптасқан,
		7.3 Жаңа ма? 1) ия ; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.4 Ережелер жаңа ма? Қорғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа деп бағаланады. Ұсынылған ережелер қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты кешенді әрі жүйелі түрде талдау нәтижесінде қалыптасқан,
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	

	<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>бұрынғы зерттеулерде дербес түрде тұжырымдалмаған ғылыми пайымдауларға негізделген. Олар автордың өзіндік ғылыми көзқарасын білдіреді және зерттеу саласына жаңа мазмұн мен бағыт енгізеді. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер ғылыми жаңалық сипатқа ие.</p>
	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4 Ережелердің қолдану деңгейі Қорғауға шығарылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. Ұсынылған ережелер қазақ ономастикасы, лингвомәдениеттану, мифолингвистика және тілдік мәдени кодтарды зерттеу салаларында ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік мақсатта қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оларды ұлттық тіл корпустарын дамыту, электронды ономастикалық және мифологиялық сөздіктер құрастыру барысында пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Ережелердің мақалада дәлелденуі Қорғауға шығарылған негізгі ережелер ғылыми мақалаларда дәлелденген деп бағаланады. Диссертация нәтижелері диссертанттың жарияланған ғылыми мақалаларында жүйелі түрде көрініс тауып, негізгі ережелердің мазмұны ғылыми қауымдастық алдында апробациядан өткен. Отандық және халықаралық басылымдарда жарияланған мақалаларда ұсынылған тұжырымдар теориялық талдаулармен және нақты тілдік материалдармен негізделіп, диссертацияда дамытылған ғылыми ережелерді толықтырады.</p>

			Қорғауға ұсынылған ережелердің ғылыми негізділігі жарияланған мақалалар арқылы расталған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия ; 2) жоқ .	Әдіснаманы таңдау негізделген , әрі әдіснама диссертацияда нақты жазылған деп бағаланады. Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, олардың қолданылу аясы мен мүмкіндіктері негізделген. Әдіснамалық бөлімде пайдаланылған сапалық (qualitative) зерттеу тәсілдері, лингвомәдени, ономастикалық, семиотикалық және корпустық әдістер жүйелі түрде сипатталған. Зерттеуде әдіснамалық дәйектілік қағидаты толық сақталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия ; 2) жоқ .	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған деп бағаланады. Зерттеу барысында ұлттық тіл корпусы материалдарын пайдалану, электронды дереккөздермен жұмыс істеу, онлайн сауалнама жүргізу және алынған деректерді өңдеу мен интерпретациялау сияқты қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістері қолданылған. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін арттырып, олардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Диссертацияда қазіргі заманғы компьютерлік және цифрлық технологияларға негізделген әдістер тиімді пайдаланылған.

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, ұсынылған модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған деп бағаланады. Диссертацияда теориялық тұжырымдар сапалық (qualitative) талдаулармен қатар, ұлттық тіл корпусы материалдарына негізделген деректермен, сондай-ақ онлайн сауалнама нәтижелері арқылы алынған эмпирикалық мәліметтермен расталған. Бұл деректер теориялық қорытындылардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері теория мен тәжірибенің өзара сабақтастығында дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған деп бағаланады. Зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер отандық және шетелдік беделді ғылыми еңбектерден, академиялық басылымдардан және сала бойынша танылған зерттеулерден тұрады. Автор негізгі тұжырымдарын жүйелі түрде ғылыми әдебиеттермен дәлелдеп, оларды сындарлы түрде талдаған. Диссертацияда дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілік қағидаты толық сақталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп бағаланады. Әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына қатысты негізгі теориялық еңбектерді, отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерді, академиялық сөздіктер мен корпус</p>

			материалдарын қамтиды. 256 ғылыми әдебиеттен тұратын дереккөз диссертацияда жүргізілген теориялық талдаулар мен ғылыми тұжырымдарды негіздеуге толық мүмкіндік береді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін жан-жақты ашуға жеткілікті деңгейде құрастырылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ .	Диссертацияның теориялық маңызы бар деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері қазақ ономастикасы, лингвомәдениеттану және мифолингвистика салаларындағы теориялық тұжырымдарды толықтырып, діни-мифологиялық кодты тілдік тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді. Автор ұсынған ғылыми пайымдаулар мен ұғымдық тұжырымдар болашақ іргелі зерттеулерге теориялық негіз бола алады. Диссертация ғылымның теориялық дамуына нақты үлес қосатын еңбек болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ .	Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп бағаланады. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақ ономастикасы», «Лингвомәдениеттану», «Түркі мифологиясы» сияқты пәндерде, сондай-ақ ұлттық тіл корпусарын дамыту, электронды ономастикалық және мифологиялық сөздіктер құрастыру, оқу-әдістемелік материалдар дайындау барысында тиімді қолдануға болады. Диссертация нәтижелері ғылыми-білім беру және қолданбалы салаларда пайдалануға жарамды.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп бағаланады. Автор ұсынған практикалық ұсыныстар бұрыннан қолданылып жүрген ономастикалық, лингвомәдени және корпустық тәсілдерге сүйене отырып жасалғанымен, оларды қазақ тіліндегі діни-мифологиялық онимдерге бейімдеу, ұлттық тіл корпусына енгізу және оқу-әдістемелік мақсатта қолдану тұрғысынан жаңа элементтермен толықтырылған. Практикалық ұсыныстар ғылыми тұрғыдан негізделген және толығымен жаңа сипатқа ие.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады. Мәтін ғылыми стиль талаптарына сай жазылған, терминология бірізді қолданылған, ой тұжырымдары жүйелі және логикалық тұрғыдан негізделген. Диссертацияның құрылымы мен ресімделуі қолданыстағы академиялық талаптарға сәйкес келеді. Диссертанттың академиялық жазу мәдениеті жоғары деңгейде.</p>

11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияға ғылыми ұсыныстар:</p> <p>1. <i>Публицистикалық сипаттағы сөйлемдер ғылыми стильге бейімделуі керек және Кіріспе ғылыми стиль тұрғысынан ықшамдауды қажет етеді.</i> Кіріспе бөлімде қоғамдық-идеологиялық сипаттағы пайымдаулар жиі кездеседі, бұл ғылыми стильдің қатандығын біршама әлсіретеді. Мысалы; 5-7 беттерде мемлекеттік бағдарламалар мен идеологиялық тұжырымдар кең көлемде берілген; ал 6-8 беттерде болса ғылыми талдаудан гөрі декларативті сипат басым.</p> <p>2. <i>Көрнекі материалдардың (кесте, схема, модель) үлесі аз.</i> Көлемді теориялық талдаулар кей бөлімдерде визуалды құрылымда көрсетілмеген. Мысалы; 38-100 беттерде мифонимдер жіктемесі тек мәтін арқылы берілген; ал 102-150 беттерде діни онимдер түрлері схемасыз сипатталған. Кесте/схема қолдану қабылдауды жеңілдетер еді.</p> <p>Аталған ғылыми ұсыныстар ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді. Керісінше, бұл ескертулер зерттеуді одан әрі жетілдіруге, оның теориялық және қолданбалы әлеуетін арттыруға бағытталған.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		<p>Докторанттың жарияланған ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады. Зерттеу жұмысы бойынша Scopus халықаралық деректер қорындағы басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары</p>

	<p>(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 5 мақала жарияланған. Мақалалар диссертацияның негізгі теориялық қағидаттары мен зерттеу нәтижелерін кезең-кезеңімен ашып көрсетеді, тақырыптың өзекті мәселелерін қамтиды және қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодты лингвомәдени, ономастикалық және семиотикалық тұрғыдан талдауға бағытталған. Әр мақалада нақты тілдік материалға сүйенген дербес ғылыми тұжырымдар жасалып, автордың ғылыми позициясы айқын көрінеді. Докторанттың мақалалары отандық және шетелдік ғылыми талаптарға сай рәсімделген, теориялық деңгейі жеткілікті, зерттеу нәтижелерінің апробациядан өткенін көрсетеді. Мақалалар диссертацияның мазмұнын қайталап қана қоймай, оны тереңдетіп, жекелеген мәселелерді дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалары диссертацияның ғылыми негізін толықтыратын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы бар еңбектер болып табылады.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Тлегенова Гульден Бакытказыевнаның «Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны, құрылымы, ғылыми нәтижелері мен рәсімделуі жағынан Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің диссертациялық жұмыстарға қойылатын</p>

			<p>талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар негізді, дәлелді және ғылыми жаңалыққа ие. Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы бар, нәтижелері ғылыми мақалаларда жарияланып, ғылыми қауымдастықта апробациядан өткен. Жұмыста анықталған жекелеген ғылыми ескертулер ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді. Осыған байланысты, Тлегенова Гульден Бакытказыевнаның диссертациялық жұмысын аяқталған, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған жұмыс ретінде бағалап, ізденушіге «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, PhD докторы



Q. K. Kenzhalin

Қ.К. Кенжалин

